

Есбол орта мектебінде білім алып жатқан ерекше білімді қажет ететін және үйден оқитын оқушы туралы анықтама

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: **инклюзивтік білім беру дегеніміз** - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Қазіргі уақытта @special-edu.kz сайтындағы үлгілік оқу бағдарламаларымен жұмыс жүргізіліп жатыр.

Мектебімізде 1 үйден оқитын, 3 ерекше білімді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі 2 оқушыларымыз бар. Олар алтыншы, жетінші, тоғызыншы және он бірінші сыныптарда білім алады. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларымызға арналған арнаулы сынып жоқ, оқушыларымыз жалпы сыныпта жеңілдетілген бағдарламамен оқиды. Оқушыларымыз жалпыға міндетті білім қорымен қамту қорынан көмек алып отырады. Мектептегі тегін ыстық тамақпен қамтылған. Аудан әкімінің атынан берілетін жаңа жылдық сыйлықтарды, басқада көмектерді алып отыр. Ерекше білімді қажет ететін және үйден оқитын оқушыларға сабақ беретін мұғалімдерге түсінік жұмыстарын жүргізу мақсатында жиналыс өткізіліп отырылады, мектеп жанындағы педагогикалық кеңесте осы оқушыларымызға қатысты мәселелер талқыланып отырады. Оқу жылының басында бұйрықтары шығып, сабақ беретін мұғалімдері бекітілді.

Ерекше білімді қажет ететін 6 сынып спорттық (тоғыз құмалақ, дойбы т.б) сайыс түрлеріне қатысып, аудандық және облыстық, және “Шексіз өмір” республикалық фестивалінің аудандық кезеңінің “Би билеу” номинациясы бойынша II орын жүлделі орын иегері. Мүмкіндігі шектеулі 7 сыныптың оқушысы XVI Халықаралық балалар “JULDIZAI” шығармашылық фестивалінің облыстық іріктеу кезеңінің “Вокал” номинациясы бойынша III орын және “Шексіз өмір” республикалық фестивалінің облыстық кезеңінің жүлделі III орын иегері атанды. Сонымен қоса Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арналған “JULDIZAI” XVI Халықаралық балалар фестиваліне ерекше белсенділікпен өнер көрсеткені үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтен арнайы құттықтау дипломын алды.

Әлеуметтік педагог: А.Төреғалиева